

МРНТИ: 65.63.01

JEL: A1

MAIN FACTORS INFLUENCING COMPETITIVENESS AND EXPORT MILK PRODUCTION

Toleugaliyeva S.T,
PhD student,
Narxoz University,
Almaty, Kazakhstan

ABSTRACT

Purpose -of the research is to study the impact of the main factors that contribute to the increase of competitiveness and promotion of milk and dairy products in our country.

Methodology - The study uses quantitative methods of research, ie the method of economic and mathematical modeling using statistical data. Mathematical models are created on the basis of statistical data using numerical methods of research.

Originality/value - the problem of increasing the competitiveness of milk and dairy products, raising competition in the market is important for the development of dairy and dairy products of domestic producers. Therefore, it is necessary to increase the competitiveness of dairy products.

Findings- The article highlights the need to identify the key factors that affect the competitiveness of milk and dairy products in the promotion of export, first of all, in the promotion of export. This issue is especially important in the agricultural sector in the food market, including for dairy companies. This is because agriculture is an important sector of the country's economy that provides food for the population.

Key words - competitiveness, milk production, import substitution, export promotion (promotion).

ЭКСПОРТҚА БАҒЫТТАЛУ ЖАҒДАЙЫНДА СҮТ ӨНІМДЕРІНІҢ БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІЛІГІН АРТТЫРУ

Толеугалиева С.Т.,
PhD докторант,
«Нархоз» Университеті, Алматы,
Қазақстан Республикасы

АҢДАТПА

Зерттеу мақсаты – еліміздегі сүт және сүт өнімдерінің бәсекеге қабілеттілігін жоғарылатуға және оның экспортын жылжытуға ықпал ететін негізгі факторлардың әсерін зерттеу.

Әдіснама (методология) – зерттеу барысында зерттеудің сандық әдістері қолданылды, яғни статистикалық мәліметтер негізінде, экономикалық-математикалық модеульдеу әдісінің көмегімен математикалық модельдер құрылды.

Ерекшелігі/құндылығы – сүт және сүт өнімдерінің бәсекеге қабілеттілігін жоғарылату мәселесі, нарықтағы бәсекелестікті арттыру мен отандық тауар өндірушілердің сүт және сүт өнімдерін дамыту үшін маңызды. Сол себептен, сүт өнімдерінің бәсекеге қабілеттілігін тиісті дәрежеде арттыру қажет.

Қорытынды – мақалада сүт және сүт өнімдерінің бәсекеге қабілеттілігін арттыру, экспортты жылжыту

барысында, ең бірінші оның бәсекеге қабілеттілігіне әсер ететін негізгі факторларды анықтап, зерттеулер жүргізу қажет екендігін көрсетеді. Бұл мәселе, әсіресе азық-түлік нарығындағы ауыл шаруашылығы кешенінде, оның ішінде сүт өңдеу кәсіпорындары үшін өте маңызды. Себебі, ауыл шаруашылығы халықтың өмір сүруі үшін қажетті азық-түлік түрлерімен қамтамасыз ететін ел экономикасының маңызды саласы болып табылады.

Түйін сөздер – бәсекеге қабілеттілік, сүт өндірісі, импортты алмастыру, экспортты ынталандыру (жылжыту), ықпал етуші негізгі факторлар.

КІРІСПЕ

Мемлекет экономикасы бәсекеге қабілетті болу үшін, ең алдымен өндіруші кәсіпорындар мен өнеркәсіптік мекемелер, ірі ұлттық компаниялар бәсекеге қабілетті болуы тиіс.

Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті өзінің кезекті Халыққа Жолдауына былай деген, онда: «Еліміздің әлемдік ортада өзінің бәсекеге қабілеттілігін арттыру бойынша тиісті шараларды дайындау қажеттілігін көрсетіп, мемлекетіміз Дүниежүзілік сауда ұйымына кіруге дайын болуда, әсіресе, отандық ауыл шаруашылығы өнімдерінің бәсекеге қабілеттілігіне ерекше назар аударады». Сонымен қатар, осыған байланысты елбасы осы Жолдауында мынандай жағдайды атап өтті: «Басты мақсат - еңбек өнімділігі мен қайта өңделетін ауыл шаруашылығының өнімдерінің экспортын алдағы 2022 жылға дейін 2,5 есеге арттыру» [1].

Осыған орай, елімізде 2018-2022 жылдарға арналған «Қазақстан Республикасының ұлттық экспорттық стратегиясы» бағдарламасы бекітілді.

Жалпы, бәсекеге қабілеттілік ұғымына тоқталатын болсақ, бәсекеге қабілеттілік-ол бірнеше сатыда зерттеуге болатын көп қырлы экономикалық категория.

Бәсекеге қабілеттілік ол жалпы, салыстырмалы ұғым. Сондықтан, оны тек нарықтағы кәсіпорындарды немесе өнімдерді өзара салыстыру арқылы ғана анықтай аламыз.

Жаһандану кезеңінде өнімнің бәсекеге қабілеттілігі кәсіпорынның табыстылығының негізгі индикаторларының бірі болып саналады, өнімнің бәсекеге қабілеттілігі фирманың қаржылық жағдайы мен нарықтағы орынын белгілейді [3].

Бәсекеге қабілеттіліктің ұлттық экономикалық қауіпсіздікті қамтуда маңызы өте зор, ол ұлттық экономиканың жедел қарқынмен ұзақ мерзімді тұрақты дамуын қалыптастырады. Аталған жағдай, өндіріске қажетті шикізаттардың толықтығымен, ішкі және сыртқы нарықта бәсекеге қабілетті өнімді пайдалы әдіспен, жан басына шаққанда жеткілікті мөлшерде өнім өндіріп, оны үздіксіз өткізуді қамтамасыз етеді. Сондықтан да, әрбір шаруашылық субъектінің даму стратегиясы мен оның тактикасында өнімнің бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету басты маңызды жоспар болуы тиіс.

Кез келген мемлекеттің әлемдік экономикадағы алатын позициясы, инновациялық даму қарқындылығы, сонымен қатар экономикалық тұрақтылығы, экономикалық қауіпсіздігі оның жалпы бәсекеге қабілеттілігіне байланысты [21, 1236.].

Бәсекеге қабілеттілік мәселесінің әртүрлі негіздерін зерттеу отандық және шетелдік экономист ғалымдардың көптеген еңбектерін қамтиды. Мысалы, М. Портер, Dusan Simo, Ladislav Mura, Z. Lajdoova, J. Karusta, C. Coulillard, E. Turkina, P.A. Фархутдинов, В.Д. Харитонов, И Девятко, О.С. Сэбден, А.С. Сейдахметов, Г.Е. Жунисбекова, С.С. Калиева, М.Л. Махмеджанова, Н.А. Ильясовалар сияқты экономист ғалымдардың ғылыми еңбектері өнімнің бәсекеге қабілеттілігін бағалау мен оны арттырудың теориялық және әдіснамалық негізіне айтарлықтай үлес қосты.

М. Портер бәсекеге қабілеттілік деген ұғымға мынандай анықтама берді: «Бәсекеге қабілеттілік - ол техникалық, экономикалық, ұйымдастырушылық және басқа талаптарға сай болатын параметрлерді сипаттайтын нарықтың белгілі бір үлесіне ие болатын нысан». Ол жалпы салалық пайдалылықтарды сипаттайтын бәсекелестіктің негізгі 5 күштерін топтастырды, Портер теориясын қалыптастырды [18, 89-1156.].

Сонымен қатар, М. Портер 1991 жылы өзінің «Елдердің бәсекелестік артықшылықтары» атты ғылыми зерттеуін жариялады, онда: халықаралық бәсекелестікте мемлекет емес, кәсіпорындардың

бәсекеге түсетіндігін, елдің бұл позицияда алатын орыны фирмалардың бәсекеге қабілеттілігіне байланысты болатындығын айтты.

Отандық экономист ғалым О.С. Сәбден бәсекеге қабілеттілік түсінігін келесідей анықтамамен сипаттады: «Бәсекеге қабілеттілік тауардың нарықта, тұтынушының қажеттілігіне тек қана сапалық, техникалық, экономикалық және эстетикалық көрсеткіштері бойынша ғана емес, сондай-ақ коммерциялық және өткізудің басқа да жағдайларына (тауар мен қызметтің бағасы, тауарды жеткізу мерзімі, өнімді сату жолдары, сапалы қызмет көрсету, жарнама) тәуелді болатын көп қырлы түсінік» [8].

Мысалы, Ratinger T., Vošková I. Өздерінің ғылыми еңбектерінде өнімдерінің бәсекеге қабілеттілігін жоғарылату, импортты алмастыру мен экспортты жылжыту бойынша келесідей жаңалықтарды жасады:

- импортты алмастырудың мемлекеттік бағдарламасын әзірлеу;
- экспортты жылжытудың ұлттық бағдарламаларын жетілдіру;
- өндірістік бағдарламаны қалыптастыру;
- сүт өндірісінің тиімділігін бағалау;
- елде азықтандыру базасын құру [9].

Ал, Dusan Simo сүт агрегаттық тобының (RCA, RCA 1, RCA 2, RMA, RXA және RTA) сыртқы сауданың бәсекеге қабілеттілік көрсеткіштерін зерттеу негізінде ауыл шаруашылық саясаты мен сүт өнімдерін өндіруге байланысты идеялар мен ұсыныстар берді.

Жалпы, өнімнің бәсекеге қабілеттілігін жоғарылату басты екі бағытқа негізделген. Олар біріншіден, нарықты жаулап алу мүмкіндігі, оның бәсекеге қабілеттілігін жоғарылату артықшылықтары, ал екіншіден бәсекелестік орта жағдайында кәсіпорынның жекеленген элементтерін тікелей қорғау қызметіне бейімдеу болып табылады [10].

Аталған отандық және шетелдік ғалымдардың барлығы бәсекелестік пен бәсекеге қабілеттілікті зерттеп анықтады, олардың түрлерін, формаларын, нарықтық экономикадағы алатын позициясын атап көрсетті, олар осы қатынастардың мәнін тұжырымдап, аграрлық кешеннің экономикадағы ерекшеліктерін анықтады, сондай-ақ, өнімдер мен фирманың бәсекеге қабілеттілігін жоғарылатудың басты индикаторлары мен тәсілдерін әзірлеп ұсынды.

Тауардың немесе ұсынылатын қызметтің бәсекеге қабілеттілігі сол саланың бәсекеге қабілеттілік деңгейін көрсетеді. Нәтижесінде, елдің бәсекеге қабілеттілігі арнайы экономикалық секторлардың бәсекеге қабілеттілігінен құралады. Олардың ішінде ауыл шаруашылығы кешені мен азық-түлік өнеркәсібі секторларына ерекше назар аударылады.

Ауыл шаруашылығы кешенінің ең маңызды секторы болып сүт өнеркәсібі табылады. Сүт өнеркәсібінің тиімді қалыптасуы халықтың өмір сүру деңгейінің жоғарылауына және тұтынушылардың сүт өнімімен қамтамасыз етілуіне мүмкіндік береді. Қазақстан сүт саласының дамытуға үлкен табиғи және аумақтық потенциалға ие бола отырып, толыққанды сүт өнімдері нарығы қалыптасуының алдында тұр. Соңғы жылдары ел экономикасына маңызы бар сүт өндірісінің тұрақты артуы байқалады. [15].

Қазақстан Республикасында, ел ішінде бәсекеге қабілетті тауар өндіру, импортты алмастырып, экспортты жылжыту қазіргі таңда күрделі және ұзақ мерзімді міндет болып отыр. Бүгінгі жаһандану дәуірі мен бәсекелестік орта дәл осы міндетті талап еткендіктен, еліміз бәсекеге қабілетті өнім өндіруді мақсат етуде. Ол үшін, өндіріс шығындарын барынша қысқартып, өнімділік және еңбек өнімділігін, сондай-ақ материалдық өндірістің пайдалылығын мейлінше жоғарылату қажет.

Мақалада еліміздегі сүт өндірісінің бәсекеге қабілеттілігіне және оның экспортының жылжуына ықпал ететін факторлар анықталып, талданады.

Жоғарыда аталып көрсетілген әдебиеттердің барлығы менің мақаламның ғылыми зерттеу мәселесімен тікелей тығыз байланысты. Менің ғылыми зерттеу тақырыбымның шеңберінде, яғни Қазақстан Республикасында сүт пен сүт өнімдерінің бәсекеге қабілеттілігін жоғарылату мен оның импортын алмастыру, экспортты жылжыту бойынша бірнеше ғалымдар өздерінің зерттеулерін жасап, әртүрлі ұсыныстарын берген.

Алайда, ауылшаруашылық кешенінің өнімдерін, нақты айтқанда сүт пен сүт өнімдерін өндіру мен сату бойынша бәсекеге қабілеттілікті арттыру мен бағалаудың мәселелері бүгінгі күнге дейін тұтастай зерттелмеген, яғни жеткіліксіз зерттелген, тіпті олардан белгілі бір кемшіліктер де байқалады.

Аталған жағдайларды ескере отырып, мен өзімнің ғылыми зерттеулерімде, еліміздегі сүт және сүт өнімдерінің бәсекелестігін бағалау бойынша, статистикалық мәліметтер негізінде математикалық модельдеудің әдістерін қолданып, салыстырмалы артықшылықтар көрсеткішін, бәсекеге қабілеттілікті арттыру индекcін, таза сауда индекcін, импорттың салыстырмалы ену көрсеткішін, салыстырмалы экспорттық артықшылық көрсеткіштерін және салыстырмалы коммерциялық артықшылық көрсеткіштерін есептеу әдістері бойынша ғылыми зерттеулер жүргізілді.

ЗЕРТТЕУДІҢ НЕГІЗГІ БӨЛІМІ ЗЕРТТЕУ МЕТОДОЛОГИЯСЫ (ӘДІСНАМАСЫ)

Қазіргі таңда, кәсіпорын өнімінің бәсекеге қабілеттілігін жоғарылату мен импортты алмастыру, экспортты ынталандыру (жылжыту) мәселелері өзекті мәселеге айналып отыр. Аталған мәселелерді шешуге бағытталған эмпирикалық зерттеулер, әсіресе дамушы елдер мен дамушы экономикасы бар ірі мемлекеттерге негізделген.

Сүт пен сүт өнімдері еліміздегі азық-түліктің қорын қалыптастыруда айрықша маңызға ие. Қазақстандықтар үшін, сүт және сүт өнімдері біріншіден, ұлттық өнім болса, екіншіден, күнделікті тұтынатын тағамдардың топтамасына кіреді. Алайда, аталмыш сала күннен күнге өз ауқымын жоғалтуда.

Бүгінгі таңда, Кедендік Одақтың шарттарына байланысты, Қазақстан нарығын әртүрлі шетелдің, әсіресе Қырғызстан, Ресей, Белоруссия елдерінің бағасы отандық сүт өнімдерімен салыстырғанда әлдеқайда төмен, ал сапасы отандық сүт өнімдерімен салыстырғанда біршама жоғары сүт және сүт өнімдері жаулап алды. Жалпы, нарықтағы сүтінің орташа бағалық диапазоны бір литріне шамамен 230 теңгені құрап отыр [2].

Аталмыш жағдай тек, сүт өндірістерінің дамуына кері ықпалын тигізіп қана қоймай, мемлекеттік қазынаға түсетін салық түсімдерін де азайтып отыр. Ол мемлекеттік бюджет көлеміне теріс әсерін тигізуде, яғни бюджет есебінен қаржыланатын инфрақұрылымдар мен мемлекеттік төлемдерге айтарлықтай кері ықпал етеді.

Жалпы, 2020 жылы Кедендік Одақтың аясында техникалық регламент талаптарына сәйкес келмейтін сүт пен сүт өнімдерін экспорттау мерзімі аяқталады.

Сапа менеджментінің жүйесі бойынша, осы жағдайға орай жеке шаруашылық қожалықтары өндіретін сүттің 90% нарықтан шығарылуы мүмкін. Қазақстанда жылына 5,1 млн. тонна сүт және сүт өнімдері өндіріледі. Соның ішінде 4 млн. тоннасы жеке қосалқы шаруашылықтарда өндіріледі, қалған 1,1 млн. тонна сүт біріккен шаруа қожалықтарында өндіріледі. Қортындылап айтатын болсақ, 2015-2018 жылдар аралығында сүт көлемі 50% өскен [14].

Бүгінгі таңда, елімізде ұлттық тұтынудың мөлшерлемесіне сәйкес сүт пен сүт өнімдеріне деген сұраныс көлемі - 4,8 миллион тоннаны (жан басына шаққанда 268 кг) құрайды. Өткен 2017 жыл ішінде республика бойынша 5,3 миллион тонна сүт және сүт өнімдерін өндірген болатын. Бұл көрсеткіш қажетті шаманы 118 пайызға қамтамасыз етеді. Сүт өндірісімен айналысатын кәсіпорындар бір жылда барлық жиыны тек 1,3-1,5 миллион тонна ғана сүт өңдейді. Ол дегеніміз, елімізде өндірілген сүттің тек қана 30% өңделетінін білдіреді. Аталмыш жағдай оңтайлы шешімді қажет етеді. Осыған орай, Қазақстан Республикасындағы 2011-2018 жыл аралығындағы өндірілген сүттің тұтыну балансын 1-кесте арқылы талдап көрейік.

Берілген 1-кестеден 2011-2018 жыл аралығында Қазақстанда өндірілген сүттің көлемі жыл сайын көбейгендігін, ал елімізде сүт импортының көлемінің керсінше төмендегенін көре аламыз. Қазақстандық сүт өндіруші компаниялары «сүтке» деген сұранысты 2018 жылы 83%-ға қамтыды, ал 2012 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 73% -ға қамтамасыз етті, яғни 10% артты [2].

Кесте 1 – Қазақстан Республикасында 2011-2018 жыл аралығындағы өндірілген сүттің тұтыну балансы

Жылдар	2011	2012	2013	2014	2015	2016	2017	2018
Ресурстар, мың тонна	15693,4	11638,3	6344,48	6750,39	6432,6	6992,3	5400,2	5463,38
Өндірісі, мың тонна	5232,5	4851,6	4930,3	5067,9	5182,4	5299,9	5398,4	5461,4
Импорт, мың долл.	10460,9	6786,66	1414,18	1682,49	1250,2	1692,4	1.836	1.9876
Қолданылуы, мың тонна	15693,4	11638,3	6344,48	6750,39	6432,6	6992,3	5400,2	5463,38
Экспорт, мың долл.	915,1	1176,8	1056	1091,1	1112,4	1167,8	1213,4	1320
Ішкі нарықтағы са- тылу үлесі,%	77	73	75	76	76,3	78	80	83
Ақпарат көзі: [2] ҚР СК ҰЭМ								

Елімізде 2018 жылы сүт өндірісі өткен 2017 жылмен салыстырғанда 3%-дан астамға өсті. Қазақстан Республикасы Статистика комитетінің мәліметтері бойынша, 2017 жылы Қазақстанда жиыны 5398,4 мың тонна сиыр сүті өндірілді. 2018 жылы елімізде 5461,2 мың тонна сүт өндірілді. Нәтижесінде бір жыл ішінде сүт өндірісінің өсуі 181,7 мың тоннаны немесе 3,3% құрады.

Осы айтылған қорытынды бойынша 2017-2018 жылдардың әрбір айдың ішінде өндірілген сүттің көлемін келесі 2-кесте түрінде көрсетейік.

Кесте 2 – Қазақстанда 2017-2018 жылдардың әр айдың ішінде өндірілген сүт көлемі, мың тонна

Жыл	қаңтар	ақпан	наурыз	сәуір	мамыр	маусым	шілде	тамыз	қыркүйек	қазан	қараша	желтоқсан
2017	225,7	264,9	372,9	478,9	600,6	765,6	624,6	555,0	521,2	382,3	333,8	334,0
2018	231,1	271,3	383,5	493,2	613,4	798,3	649,2	574,7	541,7	397,9	340,2	347,8
Ақпарат көзі: [2] ҚР СК ҰЭМ												

Қазақстанда сүт өндірісінің 2018 жылыдың қаңтар айындағы ең төменгі деңгейден- 231,1 мың тоннадан, маусым айындағы ең жоғары деңгейге - 798,3 мың тоннаға дейін өсті. Содан кейін сүт өндірісінің төмендеуі басталып, қараша айына дейін жалғасты - 340,2 мың тонна, ал желтоқсан айында сүт өндірісінің көлемі 347,8 мың тоннаға дейін өсті. Кестеден көрініп отырғандай, 2018 жылдың желтоқсан айында сүт өндірісінің өсуі өткен 2017 жылмен салыстырғанда әлдеқайда жоғары.

Енді, еліміздегі сүт өндірісінің 2017-18 жылдардың әр айдың ішіндегі өсу динамикасын диаграмма түрінде көрсетсейік.




Диаграмма 1 – Қазақстанда 2017-18 жылдардың сүт өндірісінің айлар бойынша өсу динамикасы, мың тонна
Ақпарат көзі: [2] ҚР СК ҰЭМ

Қазақстанда сүт өндірісі қаңтар айынан бастап бірдей динамикада өсті. 2018 жылдың қаңтар айында 231,1 мың тоннадан, осы жылдың маусым айында 798,3 мың тоннаға дейін өсті. Дәл осындай динамика өткен 2017 жылы да болды, яғни 2017 жылы сүт өндірісі сәйкесінше 225,7 мың тоннадан 765,6 мың тоннаға дейін өсті. Содан кейін сүт өнімділігі төмендей бастады. Шілде айында 624,6 мың тоннаға дейін, тамызда 555 мың тоннаға, қыркүйекте 521,2 мың тоннаға дейін төмендегенін көреміз. Ал, қазан айында сүт өндірісі қайтадан 382,3 мың тоннаға, қараша айында 333,8 мың тоннаға және желтоқсанда 334 мың тоннаға дейін өсті.

Қазақстан Сүт Одағының (ҚСО) талдауы бойынша сүт саласы нарығындағы тұтыну бірнеше жыл қатарынан орташа есеппен 5,2% өскендігін көрсетеді. Негізінен Шығыс Қазақстан, Түркістан және Алматы облыстары сүт өндіруде көшбасшы болып отыр. Тек 2018 жылдың өзінде бұл аймақтарда шамамен 750 мың тоннадан 805 мың тоннаға дейін өнім өндірілді. Ауыл шаруашылығы министрлігінің мәліметі бойынша, өткен жылы Қазақстан Республикасында шамамен 5,4 млн тонна сүт өндірілген, оның 85% жеке қосалқы шаруашылықтарда өндірілген. Сонымен қатар ішкі тұтыну көлемі өскен.

Сүттің тұтыну деңгейі - бұл Қазақстанның сүт нарығы үшін өте маңызды көрсеткіш. Соңғы 10-15 жыл ішінде Қазақстан Республикасында сүт тұтыну екі есе өсті, алайда сүтті тұтыну деңгейі нормадан үш есе төмен (медициналық норма жылына бір адамға 340 кг құрайды). Егер тұтыну деңгейі өсіп, ұсынылған медициналық нормаға жетсе, айталық 2020 жылға қарай мемлекеттің көмегі және қолдауы қазақстандық өндірушілерге сүт нарығындағы позициясын дамытуға және нығайтуға мүмкіндік береді [4].

Бірақ, өкінішке орай, тағы бір мәселе - өңделген сүт пен сүт өнімдерінің сатылу бағасы тасымалдаушылар арқылы түкті тұтынушыға жеткенге дейін бірнеше мәрте өсіп, сәйкесінше оның негізгі өзіндік құнынан әлде қайда қымбат болып сатылады.

Сондықтан да, сүт және сүт өнімдері өндірісінің бәсекеге қабілеттілігін арттыру мен қатар, сүттің тасымалдаушылар арқылы жеткізу тізбегін бақылауда ұстау да елімізде ең өзекті мәселелердің бірі болып отыр.

Ең басты өзекті мәселе, елімізде өндірілген сүт және сүт өнімдерінің көлемін көбейтіп, сапасын арттыру және оның экспортын жылжыту болып отыр.

Экспорттың құрамы мен сипаты (мінез-құлқы) елдің экономикалық өркендеуі үшін басты жағдай болып саналады.

Ол үшін экспортты жылжытудағы Ұлттық бағдарламалардың алатын орны ерекше. Экспортты ынталандрудың нақты Ұлттық бағдарламаларын әзірлеу кәсіпорынның экспортқа қатысты ресурстары мен мүмкіндіктерін оңтайландырады.

Қазақстандық сүт өндіруші кәсіпорындардың өнімдері өндірістің жалпы өсіміне қарамастан, көптеген көршілес (Ресей, Қырғызстан, Белоруссия және тағы да басқа) елдердің сүт өнімдерімен салыстырғанда бәсекеге қабілетсіз екенін көрсетеді. Сүт өндірісі саласының өсу қарқынының күрт төмендеуі елімізде импорттың басталуын білдіреді [14].

Сол себептен, бүгін елімізде сапалы әрі қауіпсіз сүт және сүт өнімдерімен қамтамасыздандыру, импортты алмастырып, экспортты жылжыту және аталған саланың бәсекеге қабілеттігін арттыру өзекті мәселе болып отыр.

Қазақстандық сүт және сүт өнімдерін «Қазақстанда жасалған» (Made in KZ) брендтерімен шығарып экспорттауды ынталандыру қажет.

Осыған орай, «Молпродукт» ЖШС («Агропродукт» компаниялар тобының бір бөлігі) «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ («ҚДБ» АҚ) мен KazakhExport-тің қолдауымен, биылғы 2019 жылы Ресейге сүт экспортын екі есеге арттыруды жоспарлап отыр. «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ «Молпродукт» ЖШС сүт өнімдерін Ресей нарығына экспорттауды екі есеге арттыру үшін, шикізат пен қораптауды сатып алу үшін 2 миллиард теңге көлемінде жаңартылатын үш жылдық кредит желісін ашты. Қаржыландыру «Қазақстан Экспорттық Сақтандыру Компаниясы» АҚ сақтандыруды қамтамасыз ету аясында «Нұрлы жол» бағдарламасы бойынша жүзеге асырылды. Бұл қаржылық қолдаулар арқылы KazakhExport

Ресейдің Свердловск, Челябинск, Новосибирск, Кемерово, Орынбор, Қорған, Иркутск облыстары мен Саха Республикасы сияқты шекаралас өңірлерге сүт экспортын жеткізу көлемін арттыруға мүмкіндік береді. Болашақта, экспорттық мүмкіндіктер ұсынылғаннан кейін Қытайға сүт өнімдерін жеткізу жоспарлануда[2].

Ол үшін елімізде сүт қорын көбейту қажет. Осы мақсатта, елімізде сүт қабылдау пункттерін ашу қажет, ал оның логистикасын қамтамасыз ету барсында сүт тасымалдаушыларды сатып алу көзделеді.

Сонымен қатар, еліміздегі өңдеуден өткен сүт және сүт өнімдерінің сатылу бағасы тасымалдаушылар арқылы түпкі тұтынушыларға жеткенге дейін бірнеше мәрте өзгеріп, сәйкесінше өнімнің өзіндік құнынан бірнеше есе қымбат болып жетеді. Сол себептен, сүттің технологиялық жабдықтау тізбегін бақылауда ұстаудың маңызы зор.

НӘТИЖЕЛЕРІ МЕН ТАЛҚЫЛАУЫ

Бұған дейін зерттелген алдыңғы зерттеулерді ескеріп, яғни отандық және шетелдік зерттеушілермен зерттелген, сүт және сүт өнімдерінің бәсекеге қабілеттілігін жоғарылату, импортты алмастыру мен экспортты жылжыту бойынша енгізілген жаңалықтарын негізге ала отырып, әдебиеттердегі алшақтықты толтыруға тырыстым. Осылайша, мен еліміздегі сүт және сүт өнімдерінің бәсекелестіктігін арттыру мен бағалау бойынша, Қазақстан Республикасында алғашқы рет статистикалық мәліметтер негізінде математикалық модельдеудің әдістерін қолданып,

- салыстырмалы ашық артықшылықтар көрсеткішін (RCA);

- бәсекеге қабілеттілікті жоғарылату индексі (RCA 1);

- таза сауда индексі (RCA 2);

- импорттың салыстырмалы ену көрсеткішін (RMA);

- салыстырмалы экспорттық артықшылық көрсеткіштерін (RXA)

- салыстырмалы коммерциялық артықшылық көрсеткіштерін есептеуді ғылыми зерттеудің жаңалығы ретінде ұсынамын.

Бәсекеге қабілеттілікті бағалауды зерттеу кезінде келесі таңдалған индекстер мен параметрлер қолданылды:

Салыстырмалы артықшылық индексі (RCA)

$$RCA = \ln [(x_{ij} : m_{ij}) / (X_j : M_j)] \quad (1)$$

x_{ij} = сарапталған i -ші өнім топтарының экспорттық құны, елдің секторы j ;

m_{ij} = талдаудың i -ші топтарының импорттық мәні, елдің секторы j ;

X_j = елдің жалпы экспорттық құны j ;

M_j = елге импорттың жалпы құны j .

Түсіндірме (интерпретация), егер:

$RCA > 0$ параметрі: тауардың салыстырмалы артықшылығы;

$RCA < 0$ параметрі: тауардың салыстырмалы кемшіліктері;

$RCA = 0$ параметрі: бейтарап, яғни бәсекелестік артықшылықтар да кемшіліктер де емес.

Ғылыми әдебиеттерге сәйкес, салыстырмалы көрсеткіштердің артықшылықтарында нақты математикалық өрнектер болуы керек, себебі олар эффектілерді дәл анықтауға мүмкіндік береді.

Бәсекеге қабілеттілікті арттырудың индексі (RCA 1)

$$RCA 1 = [(X_{ij} : X_i)] / [(X_j : X)] \quad (2)$$

X_{ij} = « j » тауарының тобында « i » елінің экспорты;

X_i = « i » елдің агроөнеркәсіптік экспорты;

X_j = « j » тауар тобындағы еуропалық экспорт;

X = еуропалық ауылшаруашылық өнімдерінің экспорты.

Түсіндірме (интерпретация), егер:

RCA $1 > 1$, тауардың (сектордың) салыстырмалы артықшылықтары бар елдер;
 RCA $1 < 1$, салыстырмалы кемшілігі бар елдер;
 RCA $1 = 1$, бейтарап бәсекеге қабілеттілік, артықшылығы да кемшілігі де жоқ елдер;

Таза сауда көрсеткіштері (RCA 2)

$$RCA2 = (X_{ij} - M_{ij}) / (X_{ij} + M_{ij}) \quad (3)$$

X_{ij} = «j» тауар тобында «i» елінің экспорты;

M_{ij} = «i» тауар тобымен «i» елін импорттау;

Индекс мәні -1 ден +1 дейінгі ауқымында өзгереді. Өйткені -1 салыстырмалы кемшіліктер, ал +1 дейін салыстырмалы артықшылық болып табылады.

Түсіндірме (интерпретация), егер:

RCA 2 = -1, экспортты қысқартады (салыстырмалы кемшіліктер);

RCA 2 = +1, импорттың төмендеуі (салыстырмалы артықшылық анықталады).

Егер экспорт мәні импорт құнына тең болса, RCA 2 индексі нөлге тең болады. Салыстырмалы импорттық артықшылық индексі (RMA) белгіленеді.

Бұл зерттеудің объектісі болып еліміздегі сүт өндіруші кәсіпорындар табылады.

Аталған негіздерге байланысты, ғылыми зерттеудің моделі келесідей болады:

1) елдегі импорт пен экспорттың бәсекеге қабілеттілік коэффициентін өзара салыстырып бағалау;

2) статистикалық деректерді пайдалана отырып, сүт және сүт өндірісі өнімдерінің дамуына ықпал ететін негізгі факторларды зерттеу, оларды математикалық әдістермен анықтау, (кластерлік тәсіл қолдану);

3) қосылған құн бойынша сүттің технологиялық жеткізудің тізбегіне бақылау жүргізу және бағалау.

Бұл модель негізінен мынандай нәтижелерді алуға жол ашады:

1) сүт пен сүт өнімдерінің бәсекеге қабілеттілігін арттырады, ол еліміздегі сүт өндірісін салаларын дамытып, экспорттың жылжуына ықпал етеді, сонымен қатар бюджеттік түсімдерді көбейтеді;

2) бәсекеге қабілетті сүт және сүт өнімдері елімізге көптеп келіп жатқан импортты алмастырады, елдегі азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етеді;

3) Қазақстандық сүт өнімдерінің бәсекеге қабілеттілігін әлемдік стандарттарға бейімдеуге және сыртқы нарық талаптарына сай өнімдер шығаруға оң нәтижелі мүмкіндіктер береді.

Зерттеуде бәсекеге қабілеттілікті сандық зерттеу барысында, математикалық және статистикалық әдістер қолданылды. Нақты атап айтсақ, салыстырмалы артықшылықтардың ашық индикатор көрсеткіштері (RCA 1); Таза сауда индексі (RCA 2); Импорттың енуінің салыстырмалы индикаторы (RCA 3); экспорттың салыстырмалы артықшылықтар көрсеткіші (RXA) және сонымен қатар, коммерциялық салыстырмалы артықшылықтар көрсеткіші есептеліп табылады [10].

Бұл ғылыми зерттеуде, Қазақстан Республикасының сүт және сүт өнімдерінің бағасын анықтау барысында, олардың түпкі тұтынушыға дейінгі жеткізу тізбегін зерттеу мен бақылау үшін зерттеудің сапалық әдістері, яғни сауалнамалар жүргізу арқылы қажетті мәліметтер мен ақпараттар жинақталады. Ол ақпараттар сүт және сүт өнімдерінің негізгі өзіндік құны мен оның сатылу бағасының арасындағы алшақтықтарды анықтауға мүмкіндік береді. Нақты айтсақ, сүт өндірісінде пайда мен шығынның дамуы, сүт өндірісінің құнын талдау және өңдеу үрдісінде деңгейіндегі өнімділікті талдау қарастырылады.

Бәсекеге қабілеттілікті бағалау анықталған салыстырмалы артықшылықтарға (RCA) және салыстырмалы баға деңгейінің индикаторына (CPL) негізделген. Сонымен қатар, сандық және сапалық әдістердің көмегімен жинақталған мәліметтер мен ресми статистикалық ақпараттар арқылы еліміздегі сүт және сүт өнімдерінің импорты мен экспортының ара қатынасы анықталады [13,76].

Аталған зерттеулер арқылы, өнімнің бәсекеге қабілеттілігін арттырып, оны экспорттаудың өсу динамикасын түсіндіретін факторларды талдап, әдебиеттердегі алшақтықты толтыруға тырысамын.

Жоғарыда атап көрсеткен зерттеулерді жүзеге асыру барысында, талдаулар жасау үшін ҚР Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитетінің, Дүниежүзілік сауда орталығы ДСҰ және ЮНКТАД статистикалық деректері пайдаланылды.

Зерттеу барысында корреляциялық - регрессиялық талдау әдістері зерттеуде қолданылды. Ол үшін сүт өндірісінің көлемі, елдегі халық саны және елге сүт импорттаудың тарифтерінің арасындағы байланыс анықталды.

Зерттеу аясында аталған факторлардың арасындағы қатынастар Қазақстандағы сүт өнеркәсібінің ДСҰ-ға кіргенге дейін және ДСҰ-ға кіргеннен кейін экономикалық жағдайын зерттеуге мүмкіндік берді.

Зерттеуді жүзеге асыру үшін, елімізде 2010-2018 жылдар аралығындағы сүт өнімдерінің импортының көлемін анықтап және оның өсу динамикасын ұсынайық.

Қазақстан Республикасында сүт импортының көлемі келесі 2–диаграммада көрсетілген.




Диаграмма 2 – Қазақстанда 2010-2018 жылдардағы сүт өнімдерінің импортының көлемі (мың доллар, АҚШ)

Ақпарат көзі: [2] ҚР СК ҰЭМ

Берілген 2 – диаграммадан еліміздегі сүт өнімдерінің импорт көлемінің жылдан жылға азайғанын көре аламыз.

Сонымен қатар, бұл зерттеуде еліміздегі сүт және сүт өнімдерінің экспортына әсер етуші факторлардың, яғни өндірілген сүттің көлемі, халық саны, оның импорттың тарифы мен сүт импортының көлемінің өзара байланысын анықтауды мақсат еттік.

Елімізде сүт және сүт өнімдерінің экспортына мынандай **факторлар** ықпал етеді:

Ү-«0401» тауар позициясы бойынша сүт және сүт өнімдерінің экспорты (мың доллар, АҚШ);

X1- Өндірілген сүттің көлемі (мың тонна);

X2- Халық саны (мың адам);

X3- Қазақстанда сүттің импорттық тарифы (%);

X4- Импорт көлемі (мың доллар, АҚШ).

Осы факторлар негізінде Қазақстандағы сүт экспортының факторлық талдауларын жасаймыз.

Талдауды нөлдік гипотеза ($H_0=0$) деп болжаудан бастаймыз, 95% ықтималдықпен регрессия статистикалық шамада ($F < 5.40$), яғни ол дегеніміз, аталған факторлардың өзара байланысы жоқ және аталған факторлар елдің сүт экспортына әсері жоқ, регрессияның статистикалық маңыздылығы бойынша 1 ($H_1 \neq 1$) гипотезаны жоққа шығаруға болады.

Сызықтық регрессиялық талдау жүргізу үшін, сүт және сүт өнімдерінің экспортына әсер ететін келесідей базалық деректерді аламыз.

Y-«0401» тауар позициясы бойынша сүт және сүт өнімдерінің экспорты (мың доллар, АҚШ);

X1- Өндірілген сүттің көлемі (мың тонна);

X2- Халық саны (мың адам);

X3- Қазақстанда сүттің импорттық тарифы (%);

X4- Импорт көлемі (мың доллар, АҚШ).

$$Y = a + b_1x_1 + b_2x_2 + b_3x_3 + b_4x_4 + b_5x_5 \quad (1)$$

Кесте 3 – Регрессиялық талдауға арналған 2006 -2018 жылдардың негізгі мәліметтері (13- жылға талдау жасау)

Жылдар	Өндірілген сүт көлемі (мың тонна)	Халық саны (мың адам)	Сүттің импорттық тарифы (%)	Импорт көлемі (мың доллар АҚШ)
2006	4926	15310	0.168	8845.6
2007	5073.2	15480	0.168	7659.2
2008	5198	15670	0.168	8967.3
2009	5303	16090	0.168	9876.1
2010	5381.2	16222	0.168	10460.9
2011	5232.5	16463	0.168	6786.66
2012	4851.6	16698	0.168	1414.18
2013	4930.3	16934	0.168	1682.49
2014	5067.9	17187	0.168	1250.21
2015	5182.4	17439	0.168	1692.4
2016	5299.9	17693	0.15	1.836
2017	5398.4	18 040	0.15	1.9024
2018	5461.4	18 324	0.15	1.9876

Ескерту: автормен [2], [16] әдебиеттер негізінде құрылды

Есептеу нәтижелері бойынша келесі кезеңге болжам жасауға мүмкіндік беретін мынандай коэффициенттер анықталды.

$$Y = 1940.26 + 186.81b_1 + 338.01b_2 + 384.7396 b_3 - 177.5b_4 \quad (2)$$

Кесте 4 – Регрессияның коэффициенттері

Факторлар	Коэффициенттер (Coefficients)
Const.	1940.26
Өндірілген сүт көлемі	0.186.81
Халық саны	0.338.01
Сүттің импорттық тарифы	384.7396
Импорт көлемі	-177.5

Ескерту: автормен [2], [16] әдебиеттер негізінде құрылды

Жасалған талдаулар негізінде келесідей **қорытындылар** (интерпретациялар) жасаймыз:

1) елімізде өндірілген сүттің көлемі 1000 тоннаға көбейген жағдайда, импорттық шығындардың көлемі 0.186 мың АҚШ долларына азаяды;

2) халық саны 1000 адамға көбейсе, импорттық шығындар көлемі 0.338 мың АҚШ долларына көбейеді,

3) тариф 1% жоғарыласа, импорттық шығындар 384.7 мың АҚШ долларына қысқарады.

4) импорт көлемі 1000 тоннаға қысқарса, импорттық шығындар 177.5 мың АҚШ долларына азаяды.

Бұл болжамның ықтималдылығы жоғары (95% -дан жоғары) және Фишер критерийлері кестелік (табличный) мәннен жоғары. Сондықтан ол, статистикалық маңызы жоқ регрессияның нөлдік гипотезасының (H₀) болжамын жоққа шығаруға және регрессияның статистикалық маңыздылығы туралы H₁ гипотезаны қабылдауға мүмкіндік береді.

Әрі қарай, енді біз корреляциялар коэффициентінің факторлармен өзара байланысын талдаймыз.

Кесте 5 – Корреляцияның коэффициенттері

Факторлар	Өндірілген сүт көлемі,(мың тонна)	Халық саны (мың адам)	Импорттық тарифы (%)	Импорт көлемі (мың долл.,АҚШ)
Өндірілген сүт көлемі(мың тонна)	1.0000			
Халық саны (мың адам)	0.4555	1.0000		
Сүттің импорттық тарифы (%)	-0.6101	-0.7519	1.0000	
Импорт көлемі (мың доллар АҚШ)	-0.0094	0.8748	0.6072	1.0000

Ескерту: автормен [2] әдебиеттер негізінде құрылды

Факторлар арасындағы ең тығыз байланыс ол- халық саны мен импорт көлемі арасында байланыс екенін көреміз, ол орташа 87% -ды құрайды, импорт көлемі мен импорттық тарифтер 60 %, құрайды, ал халықтың саны мен тариф арасындағы орташа кері байланыс 75% құраса, импорттық тариф пен өндірілген сүт көлемі арасындағы орташа кері байланыс 61%, басқа факторлар төмен өзара әрекет етеді, бірақ кері байланыс бар: халық саны мен өндірілген сүт көлемі арасындағы байланыс орташа 45 %, өндірілген сүт көлемі мен импорт көлемі 9 % ғана құрайды.

Осылайша, 2006-2018 жылдар аралық кезеңдегі Қазақстанда сүт экспортының құнына талдау жүргізілді.

Халықтың өсу деңгейіне қарай, елде сүт және сүт өнімдеріне деген сұраныс болжанған кезеңде артады. Сүт және сүт өнімдерінің тұтынуы болжау бойынша өседі.Сонымен қатар, Қазақстанда балалардың санының өсуіне байланысты, балаларға арналған тәтті сүттердің сатылу көлемі де көбейді.

Жоғарыда айтылған себептерден, елде сүт импортының төмендеуі мен керсінше оның экспортының жоғарылауы күтілуде.

Бірақ, халықтың сүт және сүт өнімдеріне деген өсіп келе жатқан сұранысын отандық сүт өндірістерін арттыру, жоғарылату жолдары арқылы қанағаттандыру қажет. Негізгі бәсекелестер ЕурАзЭҚ-қа мүше елдер болып табылады. Бұл жағдайда біршама іс- шаралар ұсынылуы қажет. Мысалы, атап айтсақ, ауыл шаруашылық кешеніне шетелдік инвестицияларды тарту.

Сүт өндірісіне инвестиция тартумен қатар, ұлттық жоспардың қадамын жүзеге асыру, сүт өнеркәсібінің жоғары экспорттық әлеуетін қамтамасыз етеді.Аталған әлеуетті дамыту үшін, ең бірінші кезекте, өнеркәсіптің өндірістік қуатын арттыру және сүт өнеркәсібінің шикізат базасын кеңейту қажет. Осыған байланысты елімізде сүт фермаларын құру бойынша жұмыстар жүргізілуде. Осындай фермалар арқылы, ұйымдастырылған шаруа қожалықтарында сүт өндірудің көлемі 2020 жылы 500 мың тоннаға, ал 2025 жылға қарай - 1 млн. тоннаға көбейеді деп болжанады.

Отандық сүт өндірушілер шетелдік өндірушілермен көп жағдайда бәсекелестікке төтеп бере алмайды, себебі қолданыстағы ауыл шаруашылығы техникасының моральдық және физикалық тұрғыдан ескіргендігі, ал жаңа техника көптеген отандық өндірушілерге қол жетімді емес. Осыған байланысты мемлекеттік қолдау жүйесі өзекті болып қала береді. Аталған бірқатар мәселерді шешуге «Агробизнес-2020» мақсатты бағдарламасы құрылған.

Егер, әлемдік сүт өндірісі мен сүтті тұтынуды, оның бағалық трендтеріне талдау жасайтын болсақ, халықаралық ұйымдардың мәліметтері бойынша 2021 жылдан кейін сүттің және бірқатар сүт өнімдерінің түрлеріне бағаның өсуі болжамданады [3].

Бірнеше сарапшылардың пікірінше, ауылдық кооперативтердің көмегімен отандық сүт өндірушілер ДСҰ-ға мүшелік ету аясында шетелдік өндірушілермен бәсекелеске түсе алады. Сонымен қатар, жоғары сапалы сүтті өңдеуді арттыру үшін қымбат жабдықты, малға арналған жем-шөпті, тыңайтқыштарды, тиімді мал тұқымын сатып алуға қол жетімді болады [3].

Жаңа схемаға сәйкес, барлық нарық субъектілері (ірі компаниялар мен шағын өндірушілер) пайда табуды дамыту және арттыру үшін бірдей шарттарға ие болады. Жасалған, реформалардың нәтижесінде еліміздің аграрлық құрылымында орта және ірі ауыл шаруашылығының өнімдерін өндірушілер басым болады, себебі мемлекет ДСҰ-ға мүшелік ету аясында сүт өндірісін дамытуды субсидиялар беру негізінде қолдады.

Ұлттық жоспардың орындалуы сүт өнімдерін экспорттауды қысқа мерзімде іске асыру жөніндегі жоспарының қадамын жүзеге асыру, тек материалдық-техникалық база мен өндірістік қуаттар мен ауылшаруашылық техникасының қол жетімді болған шарттарында ғана мүмкін болады.

Жалпы жоғарыда жасаған талдауларды қорытындылайтын болсақ, бұл зерттеуде сандық әдістер, нақты айтсақ, статистикалық мәліметтерді пайдаланып, математикалық-эконометрикалық модеульдеу әдісі қолданылады. Зерттеудің сандық әдістерінің көмегімен сүт өнімдерінің бәсекеге қабілеттілігін жоғарылатушы факторлар анықталып, статистикалық мәліметтер негізінде математикалық модельдер құрылды.

Сонымен қатар, сандық және сапалық әдістер арқылы жинақтаған мәліметтер мен ресми статистикалық ақпараттар көмегімен еліміздегі сүт және сүт өнімдерінің импорты мен экспортының ара қатынасы анықталды.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қазақстанның азық-түлік өнеркәсібі халықты сапалы азық-түлікпен тұрақты түрде қамтамасыз етуге бағытталған стратегиялық маңызы бар салалардың бірі болып табылады. Осы салалардың бірі - сүт және сүт өнімдерінің өндірісі.

Қазақстанда сүт пен сүт өнімдерін тұтыну 2% -ға өсті. Соңғы 8 айдың қорытындысы бойынша Қазақстан Республикасында 340,3 мың тонна сүт пен қаймақ өндірілді, бұл өткен жылмен салыстырғанда 7,7% артық көрсеткіш. Өндірістің үштен екі бөлігі үш негізгі өңірлерге тиесілі: Солтүстік Қазақстан (25,7%), Алматы (20,3%) және Қостанай (16,6%) өңірлері. Солтүстік Қазақстан облысының негізгі компаниялары арасында «Molprodukt» ЖШС («Zorkin Lug», «Mumunya», «Nashe» және «Odari» брендтерімен Агропродукт құру), Molservis компаниясы (Березка және Настасия сүті) «Молочный Союз» ЖШС, «Масло-Дел» ЖШС Петропавл филиалы (Петропавл сүті және т.б.).

Шығыс Қазақстандағы «Эмил» ЖШС, «Багратион Ұлан» ЖШС, «Өскемен қалалық сүт зауыты» сияқты ірі компаниялар жұмыс істейді.

Сонымен қатар, отандық қажеттіліктерді қамтыған Қазақстан Республикасының кәсіпорындары экспорттың кеңеюін арттырды - ол 67,2% -ды құрады. Нарықтағы сүт өнімдерін сату үлесі өткен жылмен салыстырғанда 1,6% -ға өсті.

Ағымдағы жылы пастерленген сүттің бір литрінің бөлшек сауда бағалары 230 теңгені құрады, бұл өткен жылмен салыстырғанда 5,5% артық.

Майлылығы 2,5% болатын сүт жылына 5,9% артып, оның бір литрінің бағасы 210,2 теңгені құрады, ал майлылығы 3,2% сүттердің бір литрінің бағасы 231 теңгеге дейін көтерілді, яғни 4,8% -ке өсті. Шикі сүтті бағаның қымбаттауы - жылына 6,1% құрады.

Іс жүзінде барлық ресурстар (өндіріс және импорт) ел ішінде тұтынылды, ал оның тек 3,3% экспортталды. Соңғы бір жыл ішінде экспорт бірден өсті.

Сондықтан, елімізде сүт және сүт өнімдерінің бәсекеге қабілеттілігін арттырумен қатар, көптеген сүт қабылдау пункттерін ашу қажет, ал оның логистикасын қамтамасыз ету барысында сүт тасымалдаушыларды сатып алу көзделеді.

Жалпы, бұл мақалада сүт өнімдерінің бәсекеге қабілеттілігі мен оның экспорттың арттыруға ықпал ететін негізгі факторларды анықтап, оларға талдау жасап, ұсыныстар беру жолдары ұсынылды.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік»//Мемлекет басшысы Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы – Астана, 2018.– 21 б. <http://www.akorda.kz>
2. ҚР Ұлттық экономика министрлігінің Статистика Комитетінің ресми сайты [электрондық ресурс] –2018. www.stat.gov.kz
3. Қазақстан Республикасының ұлттық экспорттық стратегиясы бағдарламасы. –2017
4. Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығы министрлігінің ресми сайты [электрондық ресурс] –2018 <https://moa.gov.kz/>
5. Dorisz Tálás . Financial competitiveness analysis in the Hungarian dairy industry// Journal of International Marketing. –2011. – № 2, с. 1-29
6. By Costas Arkolakis, Natalia Ramondo. Innovation and Production in the Global Economy //Journal World Economy, 2015, стр.1015.
7. Andrew M., Dairy Imports: How Serious a Threat? //Journal Agricultural Economics. – 2016
8. Сәбден О.С.,Бәсекелестік экономика. – Алматы. –2008
9. Ratinger T., Bošková I. : Strategies and effects of milk producers' organisations in the Czech Republic. Agricultural Economics–Czech, 59: 113–124
10. Dusan Simo, Ladislav Mura. Assessment of milk production competitiveness of the Slovak Republic within the EU-27 countries, Agric. Econ. – Czech, 62, 2016 (10): 482–492
11. Naglova Z., Boberova B., Statistical analysis of factors influencing the results of enterprises in dairy industry, Agric. Econ. – Czech, 63, 2017 (6):
12. Lajdoova Z, Kapusta J Price analysis and competitiveness of the dairy supply chain, 2017
13. Coulillard C.,Turkina E., //Journal World Economy, (2015, стр. 1015)
14. Калиева С.С, Қазақстанда сүт және сүт өнімдерінің бәсекеге қабілеттілігін көтеру жолдары. – Астана. – 2015
15. Касенова А.М., Сүт өнімдерін дамыту жолдары, «Сейфуллин оқулары – 9: жоғарғы білім және ғылым дамуындағы жаңа бағыт» атты Республикалық ғылыми-теориялық конференция материалдары– 2015 – Т.1, ч.2 – Б. 374-376
16. Мирзалиева С.С., Нурмагамбетова , Производство молока в Казахстане: членство в ВТО и ожидаемые перспективы. –2017
17. <http://keden.kz/>. – 2018
18. Фатхутдинов Р.А., Конкурентоспособность организации в условиях кризиса: экономика, маркетинг, менеджмент, Алматы. –2010
19. Әмірбекұлы Е., Өнімнің бәсеке қабілеттілігін жоғарылату механизмін құру// Диссертация. –Алматы. – 2015
20. Махмеджанова М.Л., Ильясова Н.А., Бәсекеге қабілеттілік//ҚазҰУ хабаршысы. – Алматы. –2015
21. М.Портер, Бәсекелестік //Издательство Вильямс. – 2010

REFERENCES

1. Nazarbayev NA "Kazakhstan's Third Revival: Global Competitiveness" // Address by Head of State Nursultan Nazarbaev to the People of Kazakhstan. Astana. – 2018. <http://www.akorda.kz>
2. Official site of the Statistics Committee of the Ministry of National Economy of the Republic of Kazakhstan [electronic resource]. www.stat.gov.kz
3. National Export Strategy of the Republic of Kazakhstan "Program (August 26, 2017)
4. Official site of the Ministry of Agriculture of the Republic of Kazakhstan [electronic resource] -2018<https://moa.gov.kz/>
5. Dorisz Tálás . Financial competitiveness analysis in the Hungarian dairy industry// Journal of International Marketing. – 2011. – № 2, с. 1-29

6. By Costas Arkolakis, Natalia Ramondo. Innovation and Production in the Global Economy //Journal World Economy. –2015. – стр.1015.
7. Andrew M., Dairy Imports: How Serious a Threat? //Journal Agricultural Economics
8. Sabden O.S, Competitive economy, Almaty .– 2008
9. Coulillard C.,Turkina E.//Journal World Economy. – 2015
10. Ratinger T., Bošková I., Strategies and effects of milk producers' organisations in the Czech Republic// Agricultural Economics–Czech, .2013: 113–124
11. Dusan Simo, Ladislav Mura Assessment of milk production competitiveness of the Slovak Republic within the EU-27 countries// Agric. Econ. – Czech, 62, 2016 (10): 482–492
12. Naglova Z., Boberova B., Statistical analysis of factors influencing the results of enterprises in dairy industry// Agric. Econ. – Czech, 63, 2017 (6):
13. Lajdoova Z, Kapusta J Price analysis and competitiveness of the dairy supply chain. –2017
14. Kalieva SS , ways to increase competitiveness of milk and dairy products in Kazakhstan, Astana, 2015
15. Materials of the Republican scientific-theoretical conference "Seyfullinsky reading - 9: a new vector in the development of higher education and science "dedicated to the Day of the First President of the Republic of Kazakhstan. - 2013. - T.1, part 2 - B. 374-376
16. Mirzalieva S., Nurmagambetova, Milk Production in Kazakhstan: WTO Membership and Expected Prospects. – 2017
17. <http://keden.kz/>.–2018
18. M.Porter, On competition .Updated and Expanded Edition, 2010
19. E. Amirbekuly, Creation of product competitiveness improvement mechanism//Dissertation. – Almaty. – 2015
20. Makhmedzhanova ML, Ilyasova NA, Competitiveness, Bulletin of the KazNU, Almaty. – 2015
21. Fatkhutdinov RA, Competitiveness of an organization in a crisis: economy, marketing, management, Almaty. – 2010

ТҮЙІН

Бұл мақалада сүт өнімдерінің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға ықпал ететін негізгі факторлар және елдегі сүт пен сүт өнімдерінің экспортын жылжыту жолдары қарастырылған.

Сондай-ақ, көптеген сүт қабылдау пункттерін ашу қажеттілігі мен оның логистикасы сипатталған.

Зерттеуде бәсекеге қабілеттілікті сандық зерттеуде математикалық және статистикалық әдістер қолданылады.

РЕЗЮМЕ

В данной статье рассматриваются основные факторы, влияющие на повышение конкурентоспособности молока и молочных продуктов, а также предлагаются методы стимулирования экспорта молока и молочных продуктов.

Также обосновывается необходимость открытия специализированных пунктов сбора молока и организация системы логистики.

В исследовании используется математические и статистические методы оценки конкурентоспособности продукции.

SUMMARY

This article examines the main factors that contribute to the increase in the competitiveness of dairy products and provides ways to promote the export of milk and dairy products in the country.

It also describes the need to open most milk collection points and its logistics.

The study will use mathematical and statistical methods in the quantitative study of competitiveness.